



БҰҰ Жаһандық шарты аясында қол
жеткен жетістіктер туралы
хабарлама

2020 ж.

«Самұрық-Энерго» АҚ

Эл. пошта: info@samruk-energy.kz

Веб-сайт: www.samruk-energy.kz

Тел.: +7(7172) 55-30-20

Адрес: 010000, Нұр-Сұлтан қ.,
Қабанбай батыр даңғылы, 15А,
Блок Б, Бизнес-Центр «Q»



МАЗМҰНЫ

Компания туралы _____	3
«Самұрық-Энерго» АҚ-ның Активтер картасы _____	5
«Самұрық-Энерго» АҚ-ның БҰҰ Жаһандық шарты қағидаттарына бейілділігі туралы мәлімдемесі _____	6
«Самұрық-Энерго» АҚ құндылықтары _____	7
«Самұрық-Энерго» АҚ қағидаттары _____	8
БҰҰ Жаһандық шартының қағидаттарын іске асыру _____	9
Адам құқығы _____	9
Еңбек қатынастары _____	13
Қоршаған орта _____	17
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес _____	20
Компания бастамалары _____	23

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

«Самұрық-Энерго» акционерлік қоғамы - Қазақстан Республикасында энергетикалық активтерді басқаруды жүзеге асыратын холдинг. Компанияның басты міндеті - жоғары экономикалық тиімділікті, инновациялық жетілдіруді және әлеуметтік жауапкершіліктің озық стандарттарын үйлестіре отырып, ішкі тұтынушылар мен экспортты энергия ресурстарымен жабдықтаудың оңтайлы арақатынасын қамтитын теңдестірілген даму моделін қалыптастыру.



«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы қызметінің бейіні:

Көмір өндіру

«Самұрық-Энерго» АҚ Қазақстан Республикасындағы көмірдің жалпы көлемінің шамамен 40%-ын өндіреді. Көмір Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының электр станцияларына, сондай-ақ өңірдегі коммуналдық кәсіпорындарға жеткізіледі. 2020 жылы «Самұрық-Энерго» АҚ-ның көмір өндіру көлемі 43,3 млн тоннаны құрады.

Өндіру

Компаниялар тобы Қазақстан Республикасында өндірілетін электр энергиясының жалпы көлемінің 29,1%-ын өндірді. 2020 жылы «Самұрық-Энерго» АҚ-ның электр энергиясын өндіру көлемі 2019 жылдың көрсеткіштерімен салыстырғанда 31 385 млн. кВт*с немесе 104%-ды құрады.

Жаңартылатын энергия көздері

«Самұрық-Энерго» АҚ құрамына электр энергиясын өндіретін объектілер - Жел және Күн электр станциялары кіреді.

Қазақстанда жаңартылатын энергия көздері өндіретін электр энергиясын өндірудегі Компанияның үлесі жалпы өндіру көлемінің 10,8% пайызын құрайды. 2020 жылы жаңартылатын энергия көздері 335,8 млн. кВт*с энергия өндірді.

Жеткізу, тарату

Электр энергиясын жеткізу мен тарату негізінен магистральды желілер мен өңірлік энергетикалық компаниялардың желілері арқылы жүзеге асырылады. 2020 жылы электр энергиясын жеткізу көлемі 6 837,7 млн. кВтс. құрады.

Көтерме сату

Электр энергиясын сатудың көтерме нарығы ұлттық маңызы бар өндіруші компаниялар, сондай-ақ ірі тұтынушылар арқылы танылған.

Сатып алушыларға электр энергиясын сату көлемі 2020 жылы 30,1 млрд. кВт*с құрады. Сонымен бірге ішкі нарықтағы өсім 2019 жылмен салыстырғанда 5,8%-ды құрады.

Бөлшек сауда


2020 жылы электр энергиясын сату көлемі 6 055,4 млн. кВт*с. құрады немесе өсім 2019 жылмен салыстырғанда 3%-ға өсті.

Экспорт

2020 жылы барлығы 859,2 млн. кВтс электр энергиясы экспортталды, олардың ішінде Өзбекстанға 806,6 млн.кВтс және Қырғызстанға 52,6 млн. кВтс. Сондай-ақ Ресей Федерациясына 10,1 млн.тонна көмір экспортталды.

Компания қызметі туралы толық ақпаратты сайттан алуға болады: www.samruk-energy.kz

«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ АКТИВТЕРІНІҢ КАРТАСЫ



«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ-НЫҢ БҰҰ ЖАҒАНДЫҚ ШАРТЫ ҚАҒИДАТТАРЫНА БЕЙІЛДІЛІГІ ТУРАЛЫ МӘЛІМДЕМЕСІ

«Самұрық-Энерго» АҚ 2011 жылдың 6 қазанында БҰҰ-ның жаһандық шартына қосылды.

Компания бизнестің экономикалық, әлеуметтік және экологиялық жауапкершілігін сезіне отырып, өз қызметінің қоғамға келтірер пайдасы мен қолайлы шарттарын қамтамасыз ету мақсатында тұрақты даму қағидаттары мен мақсаттарын өз стратегиясына, корпоративтік мәдениетке және күнделікті қызметіне ендіре отырып, Қоғам қызметкерлерінің, Компания жұмыс істейтін өңірлердегі тұрғындардың өміріне жауапкершілікпен қарау бағытындағы ерікті міндеттемелерді қабылдайды.

Компанияның тұрақты даму саласындағы саясаты Компанияның стратегиялық міндеттері мен мүдделі тараптардың мақсат-мүдделері арасындағы оңтайлы тепе-теңдікті сақтай отырып, Компания қызмет көрсететін аймақтардағы тұрақты экономикалық өсімді қамтамасыз ету үшін өндіріс, экологиялық бастамалар, еңбек қауіпсіздігі және әлеуметтік салалардағы озық тәжірибелерді енгізу арқылы тұрақты даму аспектілерін кеңінен қолдануды көздейді.

2020 жылғы қол жеткізген нәтижелер туралы осы мәлімдеме БҰҰ-ның Жаһандық шартына қолдау көрсету туралы мәлімдеме болып табылады және «Самұрық-Энерго» АҚ-ның өз жұмысында адам құқығы, еңбек қатынастары, қоршаған ортаны қорғау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл салаларындағы Жаһандық шарттың он қағидатын басшылыққа алуға дайындығын растайды, және де Компанияның осы маңызды қағидаттарды өз қызметінің барлық аспектілеріне енгізу бағытындағы ерік-жігерін көрсетеді.

«Самұрық-Энерго» АҚ барлық мүдделі тараптарды Компанияның тұрақты даму саласындағы жетістіктері туралы үнемі хабардар етіп отыруға ниетті.

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ

ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ



«Қамқорлық»/QAMQORLYQ/Наставничество

- ✓ Біз әрқашан көмекке келуге және қолдау көрсетуге дайынбыз
- ✓ Біз әріптестерімізбен және серіктестермен сенімді қарым-қатынас жасау үшін ашық әрекет етеміз
- ✓ Біз тәлімгерлікке, тәжірибе алмасуға және сақтауға дайынбыз



«Уәдеге беріктік»/ЎЎДЕГЕ BERIKTIK/Надежность

- ✓ Біз үздіксіз және сапалы жұмыс үшін жауаптымыз
- ✓ Біз болашақ ұрпақ алдында жауап береміз және қоршаған орта мен экологияға ұқыпты қараймыз
- ✓ Біз барлық жерде қауіпсіз, жайлы және бәсекеге қабілетті еңбек жағдайларын жасау үшін жауаптымыз
- ✓ Біз қабылданған міндеттемелерге адалмыз



«Адалдық»/ADALDYQ/Справедливость

- ✓ Кез келген мәселелерді шешуде біз жағдайды объективті бағалаймыз және әділ әрекет етеміз
- ✓ Біз тең талаптарды қолданамыз және тең мүмкіндіктер береміз
- ✓ Біз ой-пікірлеріңізді айтуға және естуге мүмкіндік бере отырып, басқалардың пікірін бағалаймыз



Тәжірибе/ТАЎІРІБЕ /Профессионализм

- ✓ Біз қойылған міндеттерге адал қараймыз және жұмыстан ләззат аламыз
- ✓ Біз өз ісіміздің шеберіміз, өзімізді жетілдіреміз және нәтижеге қол жеткіземіз
- ✓ Тиімділікті арттыру үшін біз түрлі көзқарастарды іздеп, түрлі әдістерді қолданамыз.

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ

ҚАҒИДАТТАРЫ

Кәсіби шеберлік

Компания қызметкерлерінің кәсіби шеберлігі - табысты қызмет кепілі. Сондықтан Компания әрбір қызметкердің жеке әрі кәсіби тұрғыда дамуына тең мүмкіндік бере отырып, қолайлы жұмыс жайы мен әрбір маманның өз әлеуетін іске асыруы үшін барлық қажетті жағдайды жасауға ұмтылады. Әрбір қызметкер Компания тарапынан ұсынылған мүмкіндіктерді пайдалана отырып және өз бетінше кәсіби шеберлік деңгейін арттыруға тырысады.

Комплаенс

Ереже-қағидаттарды бұлжытпай орындау ортақ мақсат, ортақ мінез-құлық мәдениеті мен дәстүрлер негізінде біріккен кәсіби мамандар командасы ретінде қала беруімізге, сондай-ақ Компанияның өз ішінде де, іскери серіктестермен және клиенттер арасында да тиісті деңгейдегі өзара түсінушілікті сақтауға ықпал етеді.

Қауіпсіздік

Біз әлемді қуатпен қамтамасыз етуде қауіпсіз әдіс-тәсілдерді пайдалануға тырысамыз.

Тәуекелге негізделген бағдар

Біз корпоративтік басқару жүйесінің басты компоненті ретінде тәуекелдерді басқару маңыздылығын түсініп, Компанияның құны мен беделіне теріс ықпал етуі мүмкін тәуекелдер деңгейін дер кезінде анықтауға және төмендетуге бағытталған қажетті шараларды жүзеге асырамыз.

Әлеуметтік жауапкершілік

Біз өндірістік қызметімізді қоршаған ортаны қорғай отырып және бірлесе әрекет ететін қауымдастықты құрметтей отырып жүргізуге тырысамыз. Біздің еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және жалпы қауіпсіздік саласындағы мақсатымыз - жазатайым оқиғаларды болдырмау, денсаулыққа және қоршаған ортаға зиян келтірмеу.

Транспаренттілік

Біз кездесулерге, талқылаулар мен ашық пікірталасқа дайынбыз, мүдделі тұлғалармен өз мақсат-мүдделерімізді ескере отырып және Компания мен мүдделі тұлғалардың құқықтары мен олардың мақсат-міндеттері арасындағы балансты сақтауға негізделген ұзақ мерзімді ынтымақтастық орнатуға талпынамыз.

БҰҰ ЖАҢАҢДЫҚ ШАРТЫНЫҢ ҚАҒИДАТТАРЫН ІСКЕ АСЫРУ

АДАМ ҚҰҚЫҒЫ

1-қағидат: Іскер топтар халықаралық деңгейде жарияланған адам құқықтарын қолдауы және құрметтеуі тиіс.

2-қағидат: Іскер топтардың адам құқықтарының бұзылуына қатысы болмауы тиіс.

«Самұрық-Энерго» АҚ адам құқықтарын қорғау саласында Қазақстан Республикасының Конституциясын басшылыққа алады және БҰҰ, 1948 жылғы Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы, 1966 жылғы Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт және 1966 жылғы Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пакт жариялаған адамның негізгі құқықтары мен бостандықтарының маңыздылығы мен құндылығын, солардың қатарында бірлесу бостандығын, ұжымдық шарт жасау құқығын мойындау, еңбек құқықтарын, қолайлы қоршаған ортада өмір сүру, денсаулық сақтау құқықтарын таниды.

«Самұрық-Энерго» АҚ - Қазақстан Республикасы аумағындағы ең ірі жұмыс берушілердің қатарына кіреді. 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компания жұмыскерлерінің тізімдік саны 17 786 адамды құрады.

«Самұрық-Энерго» АҚ мамандарының құрылымы соңғы жылдары тұрақты болып қалып отыр.

«Самұрық-Энерго» АҚ - оқыту және дамыту бағдарламаларының қол жетімділігіне, мансаптық өсуге және Компания тобына енетін кәсіпорындарда жұмысқа орналасуға тең құқықтарды қамтамасыз ететін жұмыс беруші болып табылады.

Біздің қызметкерлеріміз - біздің ең құнды байлығымыз, және Компания өзінің барша қызметкерлеріне жақсы жұмыс үшін озық

перспективаларды ұсынуға дайын. Сондықтан, Компанияда жұмыс істейтіндердің барлығына кәсіби қабілеттерін дамытуға және дағды-біліктіліктерін арттыруға тең мүмкіндіктер беріледі. Компания жұмыскерлерді іріктеу және мансаптық өсірудің әділ рәсімдерін қалыптастыра отырып, жан-жақты жұмыс тәжірибесі бар талантты кәсіби мамандардың қалыптасуына мүмкіндік жасайды.

Компания барлық қызметкерлер бір-біріне құрметпен қарайтын жұмыс ортасын қалыптастыруға тырысады. Сондықтан біздің компания кемсітушіліктің кез-келген түріне, оның ішінде дініне, нәсіліне, этносына, жынысына, жасына және басқа да белгілеріне байланысты кемсітуге жол бермейді. Компания кез-келген тіл тигізушілікке, агрессияға немесе қастық-өшпенділік мінез-құлыққа тыйым салады.

Адам құқығы саласындағы осындай барлық негізгі қағидаттар Компанияның өзі үшін де, осы Кодекс қолданылатын Қоғаммен жұмыс істейтін адамдар үшін де бизнесті этикалық тұрғыда жүргізуді көздейтін Мінез-құлық кодексінде белгіленген. Адам құқығы еңбек пен жалдау жағдайларының тең болуымен, кемсітушілікке және қудалауға тыйым салу нормаларымен қамтамасыз етіледі. Кодекстің нормалары мен ережелерін сақтау Компанияның барлық қызметкерлері, Директорлар кеңесінің мүшелері, Басқарма және Компаниямен бірлесе жұмыс істейтін үшінші тұлғалар үшін міндетті болып табылады.

Мінез-құлық кодексін мына сілтемеден таба аласыз: <https://www.samruk-energy.kz/ru/corporate-governance/corporate documents#2>.

Қызметкерлердің құқықтарын қорғау мақсатында Қоғамда Омбудсмен жұмыс атқарады. Омбудсмен өз қызметінде тәуелсіздік, бейтараптық, әділдік және құпиялылық қағидаттарын басшылыққа алатын тәуелсіз тарап болып табылады. Омбудсмен Компанияда корпоративті құндылықтар мен мәдениеттің, кәсіби мінез-құлық пен іскерлік этиканың жоғары стандарттарын қалыптастыруға және дамытуға ықпал етеді.

Әлеуметтік тұрақтылық пен жұмысшылардың белсенділігі көрсеткіштерін жыл сайынғы өлшеу қызметкерлердің адалдығы мен сенімін, әлеуметтік әл-ауқат пен жұмысшылардың белсенділігін арттыруға, қызметкерлердің жұмысына байланысты еңбек жағдайлары мен процестерін жақсартуға, байланыс жүйелерін дамытуға және кез келген өзгерістер туралы хабарлауға мүмкіндік беретін шаралар қабылдауға мүмкіндік береді. Компания осы зерттеулердің барлық көрсеткіштерін әлеуметтік көрсеткіштерді талдау нәтижелері мен

қызметкерлерге сауалнама жүргізу негізінде серпінді жақсартуға тырысады.

2020 жылғы зерттеу нәтижелері бойынша «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялары тобы үшін «Әлеуметтік тұрақтылық индексі» 79% құрады және қолайлы аймақта деп белгіленген. Өткен жылдың нәтижелерімен салыстырғанда көрсеткіш 14% -ға өсті.

2020 жылы «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша әкімшілік және басқарушы персоналдың белсенділік индексінің көрсеткіші 83% құрады, бұл 2019 жылмен салыстырғанда 15% жоғары. «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобында негізгі қызметі еңбек ұжымы арасында түсіндіру жұмыстарын, шағымдар мен өтініштерді қарау рәсімдерін жүргізетін, жұмыс беруші мен жұмыскерлер кәсіподағы өкілдерінен тұратын Келісу комиссиялары жұмыс істейді.

«Самұрық-Энерго» АҚ «БҰҰ-Әйелдер» мен Біріккен Ұлттар Ұйымы Жаһандық шартының серіктестігі аясында әзірленген Әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейтудің 7 қағидатын қолдау туралы Мәлімдемеге қол қойды. ЕҚДБ және Ergon Associates-пен бірлесе отырып, «Самұрық-Энерго» АҚ гендерлік теңдік қағидаттарын енгізу жобасын әзірлеп, жүзеге асыруда. «Самұрық-Энерго» АҚ әйелдер мен ерлерге тең мүмкіндіктер ұсынатын компаниялардың табысты және жақсы нәтижелерге қол жеткізетіндігіне сенімді. Осы мақсатқа жету үшін Компанияда Іс-шаралар жоспары қабылданды.

Компания үшін барлық сыртқы және ішкі мүдделі тараптардың пікірін тыңдау өте маңызды. Компания өзінің бедел-мәртебесін жоғары бағалайды және өз қызметкерлері мен стейкхолдерлердің этика мен адалдықтың жоғары стандарттарын және барлық құқықтық нормаларды сақтауын талап етеді.

Адам құқықтарын және заңсыз әрекеттерді болдырмау шараларын қорғау мақсатында «Самұрық-Энерго» АҚ-да стейкхолдерлерге арналған төмендегідей кері байланыс құралдары бар, бұлар ізге ниетпен хабарлама қалдырған кез келген тұлғаның қудаланбауына және жауапқа тартылмауына кепілдік береді:

Жедел желі 24/7

Барлық стейкхолдерлерге арналған желі бойынша анонимділік пен құпиялылықтың сақталуына кепілдік беретін тәуелсіз оператор қызмет көрсетеді.

Электронды пошта: nysana@cscs.kz;

Телефон нөмірі 8 800 080 30 30.

Сайт: nysana.cscs.kz

- ✓ «Кері байланыс» нысаны корпоративтік сайтта берілген <https://www.samruk-energy.kz/ru/navigation-and-support/feedback-all>
- ✓ Акционерлер мен инвесторлар үшін кері байланыс. Инвестор сауалнамасы <https://www.samruk-energy.kz/ru/shareholders-and-investors/feedback-for-shareholders-and-investors>
- ✓ Жүзеге асырылып жатқан инвестициялық жобалармен байланысты тұлғалар санаты үшін «кері байланыс» нысаны, мұнда жергілікті қоғамдастықтар, мердігерлердің жұмыскерлері немесе жобаға қатысты адамдар өз пікірлерін білдіре алады <https://www.samruk-energy.kz/ru/navigation-and-support/feedback-all/feedback-other>
- ✓ Басқарма Төрағасының блогы <https://www.samruk-energy.kz/ru/navigation-and-support/chairmans-blog>
- ✓ Сайтта берілген байланыс деректеріне қатысты туындаған өтініштер <https://www.samruk-energy.kz/ru/company/contact>
- ✓ Омбудсмен
Электронды поштасы: o.bekbas@samruk-energy.kz
Телефоны: 8/7172/69-23-56

Компанияға келіп түскен барлық өтініштер бойынша туындаған мәселелерді реттеуге қатысты жауап беру шаралары қолға алынды.

Өтініштердің құпиялылығы мен анонимділігі сақталды. Қудалау деректері тіркелмеді.

Стейкхолдерлерден келіп түскен өтініштерге жүргізілген мониторинг нәтижелері Компанияның Директорлар кеңесінің назарына жеткізілді, ұсыныстар жасалды және мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу сапасын жақсарту бойынша шаралар әзірленді.

2020 жылы «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобында Компания тарапынан адам құқығын бұзуға қатысты фактілер тіркелген жоқ.

ЕҢБЕК ҚАТЫНАСТАРЫ

3-қағидат: Іскер топтар бірлестіктер бостандығын және ұжымдық шарттарды жасау құқығын нақты тануды қолдауы тиіс

4-қағидат: Іскер топтар мәжбүрлі және міндетті еңбектің барлық түрлерін жоюды жақтауға тиіс

5-қағидат: Іскер топтар балалар еңбегін толық жоюға ықпал етуі тиіс

6-қағидат: Іскер топтар еңбек пен жұмыспен қамту саласындағы кемсітушілікті жоюға ықпал етуі тиіс

«Самұрық-Энерго» АҚ-ның кадр саясаты Халықаралық Еңбек Ұйымының негізгі ережелеріне сәйкес келетін Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің талаптарын қатаң сақтауға негізделген. «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бірігу бостандығын қолдайды және қызметкерлердің ұжымдық шарттар жасасу құқығын таниды. «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының барлық ұйымдарында еңбек қатынастарын өркениетті түрде нығайтуға, еңбек өнімділігі мен еңбек жағдайларын біртіндеп жақсартуға, қызметкерлерге қосымша әлеуметтік кепілдіктер мен жеңілдіктер белгілеуге мүмкіндік беретін құрал болып табылатын ұжымдық шарттар бар (100% қамтылған). Сонымен бірге Компанияның ұжымдық-шарттық тетігі жыл сайын дамып, жетілдіріліп отырады. Қызметкерлердің мұқтаждықтарына уақытында жауап беру, әлеуметтік серіктестік тараптары мүдделерінің тепе-теңдігіне қол жеткізу - бұл «Самұрық-Энерго» АҚ тобының кәсіподақ бірлестіктері шешетін міндет.

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобында Ұжымдық шартқа сәйкес: үстеме жұмысқа ақы төлеу, мереке және демалыс күндері, түнде жұмыс істегені үшін төлемдер, үстеме ақылар мен қосымша ақылар, ауыр жұмыстарда, зиянды (ерекше зиянды) жұмыстарда жұмыс істейтін жұмысшылардың еңбегіне ақы төлеу, қауіпті еңбек жағдайлары, жыл сайынғы қосымша ақы төленетін демалыс, баланың туылуына байланысты материалдық көмек, жерлеуге материалдық көмек және

жұмысшылардың мерейтойына байланысты біржолғы көтермелеу (50, 60 және 70 жас) көзделген.

Ұжымдық келісімшартқа сәйкес, еңбек шарты бұзылған кезде қызметкерлерге зейнетке шығуына байланысты 3 жалақы мөлшерінде өтемақы төленеді.

Қызметкерлер қолданыстағы заңнама шеңберінде тұрақты жұмыс істейтін Келісу комиссиялары, Әлеуметтік және еңбек дауларын реттеу жөніндегі комиссиялар арқылы ұжымдық келіссөздер жүргізуге құқылы.

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы өз қызметкерлерінің діни сенімдері мен саяси артықшылық беруін, егер олар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмесе, құрметтейді. Сондай-ақ, «Самұрық-Энерго» АҚ өз қызметкерлерінің жеке адам ретінде және жұмыстан тыс уақытта саяси, діни және қоғамдық жұмыстарға араласуына кедергі келтірмейді. 2020 жылы «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы еңбек жағдайлары зиянды және қауіпті жерлерде 18 жасқа толмаған адамдардың еңбегін пайдалануға тыйым салатын талаптарды орындады, сонымен қатар қызметкерлер мен іскер серіктестерге қатысты қандай да бір кемсітушілік түрлеріне жол бермеді.

Еңбек ұжымдарындағы тұрақтылықты сақтау, наразылық көңіл-күйді болдырмау, еңбек дауларын шешу және еңбек пен еңбек қатынастарын ұйымдастыру мәселелері бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын уақытылы қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар компаниялар тобындағы әлеуметтік тұрақтылық пен персоналды тарту индексінің түзету шаралары жоспарына сәйкес жүзеге асырылады. Жоспар еңбекке ақы төлеу мен еңбекке ынталандыруды жақсартуды, қызметкерді оқыту мен дамытуды, жас жұмысшыларға қатысты саясатты, тұрғын үй саясатын, денсаулық сақтау, еңбек және қауіпсіздік техникасын, сондай-ақ бақылау іс-шараларын қамтиды. 2020 жылдың ақпан-наурыз айларында барлық еңбек ұжымдарында жұмыс қорытындысы бойынша басшылық пен қызметкерлердің есеп беру жиналыстары өтті. Еңбек ұжымы басшысы мен мүшелерінің кері

байланысы белсенді түрде жүзеге асырылып, азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдау тұрақты түрде өткізіліп тұрады.

Қызметкерлердің кәсіби, экономикалық және әлеуметтік-еңбек құқықтары мен кәсіби мүдделерін реттеу және қорғау мақсатында Компанияда 15 567 мүшесі бар 12 кәсіподақ ұйымы жұмыс істейді.

Қызметкерлердің әлеуметтік қорғалуын, құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз ету - әлеуметтік серіктестіктегі қызметкерлердің уәкілетті өкілдері болып табылатын кәсіподақ ұйымдарының негізгі қамқорлығы және міндеті. Компанияның кәсіподақ ұйымы қызметкерлердің әлеуметтік және еңбек құқықтарын қозғайтын заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілер бойынша, сондай-ақ әлеуметтік-экономикалық саясат, әлеуметтік бағдарламаларды қалыптастыру және кәсіподақ мүшелерінің мүдделеріне қатысты басқа мәселелер бойынша ұсыныстар әзірлеуде маңызды рөл атқарады, ұйымды қайта құру немесе тарату салдарынан жұмыстан шығарылған кәсіподақ мүшелерінің жұмысшыларын әлеуметтік қорғау жөніндегі шараларды іске асыруға, ұжымдық еңбек дауларын реттеуге қатысады. Компанияның кәсіподағы Қоғамның қызметін оңтайландыру бойынша келісілген іс-шараларды өткізу кезінде шиеленісті азайтуға ықпал етеді, Компанияның қызметкерлері - кәсіподақ мүшелерінің мүдделерін еңбек заңнамасын сақтау, белгіленген әлеуметтік кепілдіктер және шарттың ережелерін сақтау тұрғысынан қорғайды.

Қазақстан Республикасының жұмыспен қамту туралы заңнамасына сәйкес, Компания тобының кәсіпорындары пробация қызметінде есепте тұрған мүгедектерді және бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру бойынша міндеттемелер алады.

Сонымен, 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, 204 мүгедек адам жұмыспен қамтылды.

Кәсіподақ ұйымдарымен қатар әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу шеңберінде «Самұрық-Энерго» АҚ тобында тұрақты жұмыс істейтін Келісу комиссиялары құрылды.

Компания мен оның еншілес және тәуелді ұйымдары мәжбүрлі және балалар еңбегінің жойылуын қолдайды. Компанияда еңбектің осы түрлерін қолдануға байланысты ешқандай қызмет түрі жоқ.

Компания өз қызметкерлерін кемсітпейді және оқыту мен дамыту бағдарламаларына қол жеткізуде, мансаптық өсуде және «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының кәсіпорындарына жұмысқа орналасуда тең әдісті ұстанады.

2020 жылы Компанияда қызметкерлерді кемсітуге, мәжбүрлі еңбекке және балалар еңбегін пайдалануға байланысты бірде-бір оқиға орын алған жоқ.

ҚОРШАҒАН ОРТА

7- қағидат: Іскер топтар экологиялық мәселелерге сақтық қағидаты негізінде қарауды қолдауы тиіс

8-қағидат: Іскер топтар қоршаған ортаның жай-күйіне жауапкершілікті арттыруға бағытталған бастамаларға кірісуі тиіс

9-қағидат: Іскер топтар экологиялық қауіпсіз технологияларды дамытуға және таратуға жәрдемдесуі тиіс

Әлемде электр және жылу энергиясы дәстүрлі түрде отынның қазбалы түрлерін пайдалану арқылы өндіріліп келді. Көмір, газ және мазутты жаққан кезде пайда болатын химиялық реакциялар тиісті бақылау болмаған жағдайда қоршаған табиғи ортаға теріс әсерін тигізетін бірқатар заттардың табиғи жолмен түзілуіне алып келеді.

Сондықтан стратегиялық міндеттер мен мақсаттарға сүйене отырып, қоршаған ортаны қорғау және ресурстарды ұтымды пайдалану Компания қызметінде маңызды рөл атқарады. Экологиялық аспектіні басқару үшін Компанияда корпоративті басқару жүйесінің құрамдас бөлігі және қаржылық емес тәуекелдерді басқару жүйесінің аса маңызды бөлігі болып табылатын экологиялық менеджмент жүйесін (ЭМЖ) құрылды. Компаниядағы ЭМЖ тәуелсіз халықаралық консультанттарды тарта отырып, үздік халықаралық тәжірибеге сәйкестігі деңгейіне үнемі бағаланады және біртіндеп жетілдіріліп отырады. Компанияның өндірістік қызметпен айналысатын барлық кәсіпорындарына ISO 14001 «Экологиялық менеджмент» стандарты енгізілді.

Табиғи ортаға зиян келтірудің алдын алу шаралары ретінде өндірістік процестердің тиімділігін өндірістік экологиялық бақылау бақылау арқылы үнемі экологиялық бағалау жүргізіледі. Бақылау қоршаған ортаға эмиссиялардың, зиянды өндірістік факторлардың тигізетін деңгейін өлшеуге және есептеуге негізделген. Қоршаған ортаға жүргізілетін өндірістік мониторинг Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамаларында белгіленген тәртіппен

аккредиттелген тәуелсіз зертханаларды тарта отырып жүргізіледі. Өндірістік мониторинг объектілері - атмосфералық ауа, жер үсті және жер асты сулары, топырақ.

Сонымен қатар, «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының барлық өндірістік нысандары заңнаманың талаптарына сәйкес міндетті экологиялық сақтандыру және тарату қорларының болуын қамтамасыз етеді.

Компания барлық мүдделі тараптардың пікірлерін, сонымен қатар мынадай:

1) қоршаған ортаға экологиялық жағымсыз әсерлерді жою жөніндегі шараларға қарағанда алдын алу шараларына басымдық беру;

2) жабдықтың жұмысынан қоршаған ортаға тиетін экологиялық зиянды мейлінше азайту жөніндегі шаралармен салыстырғанда ең озық қолжетімді технологияларды енгізуге басымдық беру секілді экологиялық басымдықтарды ескере отырып, өнімнің өмірлік циклының барлық кезеңдерінде дамудың сценарийлерінің көп нұсқалылығы негізінде басқаруға қатысты және инвестициялық шешімдер қабылдайды.

Жаңа технологияларға ерекше назар аударылады: ЖЭК-ті дамыту, мазутсыз тұтату және энергия үнемдейтін басқа да технологиялар, оларды мамандар кезекті экологиялық және энергетикалық аудит шеңберінде ұсынады. Ұлттық сарапшылар таяу арадағы келешекте көмір Қазақстанда электр энергетикасы саласының дамуын қамтамасыз ететін ең сенімді стратегиялық отынның рөлін сақтап қалады деп болжап отырғанын ескере отырып, біз көмір химиясын және көмірді кешенді терең қайта өңдеуді қолдаймыз. Осы мақсатпен Компания «Назарбаев Университеті» АҚ-мен бірлесіп, «Таза көмір технологиялары» ғылыми зертханасын құрды.

«Самұрық-Энерго» компаниялар тобы энергия тиімділігін арттыруға ықпал ететіндей күш салуда. Бұл мәселедегі басым іс-шаралар ескірген электр жабдықтарын жетілдіру және жаңарту, электр және жылу

энергиясын өндіру, тасымалдау және тарату тиімділігін арттыру болып табылады.

2020 жылы Компания орнықты даму саласындағы, оның ішінде экология саласындағы бастамаларды іске асыру бойынша мынадай жұмыстарды жалғастырды: энергия тиімділігі, материалдарды, энергия мен суды тиімді пайдалану, экологиялық міндеттемелерге сәйкестік: парниктік газдар шығарындыларын азайту, атмосферадағы маңызды ластаушы заттардың шығарындыларын азайту, қоршаған ортаны қорғауға жұмсалатын жалпы шығындар мен инвестициялар.

2020 жылы қоршаған ортаны қорғау іс-шараларының кешенді бағдарламасын іске асыру мынадай жетістіктерге қол жеткізді:

1) ЖЭК және СЭС-тің «таза энергияны» өндіру үлесі - «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы өндірген жалпы өнімінің 8,8%-ы;

2) «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялары тобы бойынша атмосфералық ауаға ластаушы заттардың меншікті шығарындылары 2019 жылдың көрсеткішімен салыстырғанда 3,5%-ға төмендеді;

3) «АлЭС» АҚ және «ГРЭС-2» АҚ станцияларындағы NOx меншікті шығарындылары сәйкесінше 4% және 8%-ға, «АлЭС» АҚ-дағы CO шығарындылары - 6%-ға азайды.

4) Қоршаған ортаға зиян келтірген апатты жағдайлар орын алған жоқ.

2020 жылы «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобындағы қоршаған ортаны қорғауға арналған жалпы шығындар мен инвестициялар шамамен 6 млрд теңгені құрады.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ

10- қағидат: Іскер топтар сыбайлас жемқорлықтың барлық түрлеріне, оның ішінде бопсалау мен парақорлыққа қарсы тұруы керек.

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы комплаенс жүйесін жетілдіре отырып, сыбайлас жемқорлыққа оның барлық нысандарына қарсы тұрады.

Реттеуші органдардың ұсынымдарын сақтай және сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенстің корпоративтік бағдарламаларын дамыту саласындағы үздік халықаралық тәжірибелерін зерттей отырып, Компания мынадай қағидаттарға негізделген өз ұстанымын қалыптастырды:

- Комплаенс жүйесін дамытуға басшылық тарапынан белсенді қызығушылық таныту және қолдау көрсету. Компанияның Директорлар кеңесі комплаенс бағдарламасын іске асыру туралы есептерді мерзімдік негізде қарайды.

- Компания сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау және оны кейіннен өзектендіру бойынша іс-шараларды тұрақты түрде жүргізеді.

- Компания анықталған тәуекелдердің деңгейі мен сипатына жауап беретін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша рәсімдерді әзірлеп, енгізеді, ішкі саясат пен рәсімдерді жетілдіреді және өзектендіреді.

- Компания қызметкерлерге сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамаға сәйкестік қағидаттары мен стандарттарын оқыту бағдарламасын іске асырады және қолдайды.

- Компания сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша енгізілген рәсімдердің тиімділігіне мониторинг жүргізеді.

- Компанияны сыбайлас жемқорлыққа тарту тәуекелін азайту мақсатында Компанияда контрагенттерге, сондай-ақ жеке тұлғаларға қатысты да адалдықты (Due diligence) тексеру рәсімдері әзірленді.

- Компанияда бизнес-үдерістердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бағалау жүргізіледі.

Мінез-құлық кодексінің ережелерін іскерлік серіктестерге, жеткізушілерге және Компаниямен жұмыс істейтін басқа үшінші тұлғаларға қолдану үшін «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпелер» нормалары типтік шаруашылық шарттарына енгізілді.

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының қызметкерлері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті және парақорлық пен сыбайлас жемқорлық көріністерінің кез-келген түрлеріне мейлінше төзбеушілікті қалыптастыру мақсатында талаптарды, қабылданған комплаенс саясатын және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамаларды түсіндіру бойынша оқыту іс-шаралар тұрақты түрде өткізіліп тұрады.

2020 жылы компаниялар тобында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бағалау жүргізілді. Директорлар кеңесі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою және мейлінше азайту бойынша іс-шаралар жоспарын бекітті. 2020 жылдың қорытындылары бойынша барлық іс-шаралар белгіленген уақытында және толық көлемде орындалды.

Компанияда Алаяқтыққа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат қабылданған. Құжат қызметкерлердің, сондай-ақ басқа адамдардың «Самұрық-Энерго» АҚ-да алаяқтық және сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің кез келген нысаны мен көріністерін қабылдамау туралы бірыңғай қалыптастыру, сондай-ақ алаяқтық қаупін және «Самұрық-Энерго» АҚ-ны сыбайлас жемқорлыққа тартуды барынша азайту мақсатында әзірленді.

2020 жылы «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының барлық қызметкерлері Мінез-құлық кодексінің, Алаяқтыққа және сыбайлас

жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатымен 100% танысқан болатын, сонымен қатар қызметкерлер тестілеуден өтті.

2020 жылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл аясында мынадай іс-шаралар жүзеге асырылды:

✓ Мемлекет басшысы 2020 жылы 6 қазанда № 365-VI «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңға қол қойды.

✓ Заңнама талаптарына сәйкестендіру мақсатында Директорлар кеңесінің шешімімен «Самұрық-Энерго» АҚ мен оның еншілес және тәуелді ұйымдарында 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» ҚРЗ талаптарын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленіп, бекітілді.

Іс-шаралар жоспары «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобына барлығына таратылды және заңнама талаптарын сақтауға қатысты 15 іс-шарадан тұрады.

✓ Корпоративтік комплаенс мәдениетін қалыптастыру мақсатында «Самұрық-Энерго» АҚ-да 2020 жылдың 12 қарашасында Корпоративтік орталық (оффлайн) пен еншілес және тәуелді ұйымдардың (онлайн) басшы құрамы ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің өкілдерімен кездесу өткізді.

Кеңесте заңнаманың сыйлықтар және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерін кеңейту, квазимемлекеттік сектор субъектілерінде комплаенс-сервистер құру бойынша жаңа талаптары мен Мемлекет басшысының тапсырмалары түсіндірілді.

Осылайша, «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялары тобы сыбайлас жемқорлықтың кез келген түріне, оның ішінде бопсалау мен пара алуға қарсы әрекет ету қағидатын ұстанатынын растайды.



КОМПАНИЯНЫҢ БАСТАМАЛАРЫ

«Самұрық-Энерго» АҚ ОДМ-ның әрқайсысы көрсететін экологиялық және әлеуметтік проблемалардың өзекті болып табылатынын және кез келген ұйымға әсерін тигізетінін түсініп, 17 орнықты даму мақсатын қолдайтынын мәлімдейді.

Компания 2021 жылы мына бағыттар бойынша орнықты даму саласындағы бастамаларды іске асыру арқылы өзінің қызметіне орнықты даму қағидаттарын енгізуді жалғастырады:

Этика

жоғары этикалық стандарттарды ендіру және сенімге негізделген корпоративтік мәдениетті құру

ОД қағидаттарын ендіру

орнықты даму қағидаттарын ендіру және барлық инвестициялық кезеңдерде жобалық басқару тәжірибесіне тәуекелге негізделген тәсілді қолдану: әлеуметтік, экологиялық және экономикалық салаларға ықпал етуін бағалау және басқару (мәжбүрлі жер аудару, биоәртүрлілік, мәдени мұра және т.б.)

*" Орнықты даму
саласындағы бастамалар
жоспарының орындалуы
туралы есеп Компанияның
сайтында орналасқан:
[https://www.samruk-
energy.kz/ru/sustainability](https://www.samruk-energy.kz/ru/sustainability) "*

Қаржы

қаржылық тұрақтылықты арттыру

Жауапты сатып алулар

адал және еркін бәсекелестік, өзара тиімділік, ашықтық және өзіне алған міндеттемелер үшін толық жауапкершілік қағидаттарына негізделген жауапты сатып алуларға жәрдемдесу, сондай-ақ өнім берушілердің Компанияның өнім берушілеріне қатысты этикалық нормаларды және Басқарушылық қағидаттарды сақтауы бойынша талаптарды енгізу;

Қауіпсіздік

қызметкерлерді еңбекті қорғауды басқару жүйесіне қатыстыру және халықаралық стандарттарды қолдана отырып, еңбекті қорғауды басқару жүйесіне тиімді бақылау жасауды көтеру арқылы қауіпсіздік мәдениетін арттыру

Әлеуметтік жауапкершілік

әлеуметтік жауапкершілік деңгейін арттыру, БҰҰ Жаһандық шартының қағидаттарын ұстану, адам капиталына инвестициялар салу

Экологиялық тұрақтылық

экологиялық тұрақтылықты, оның ішінде экологиялық және экономикалық тұрғыдан ең үздік технологияларды іздеуді мен енгізуді, өндіріс процестерін оңтайландыруды, ЖЭК жобаларын іске асыруды, әлеуетті апатты жағдайларды анықтау мен алдын-алуды қамтамасыз ету.